

«Атырау облыстық патологоанатомиялық бюросы» ШЖҚ КМК

№2 Хаттама

Атырау қаласы

30.10.2023

Қатысқан қызметкерлер саны - 15

Жиналыс төрағасы – директор А. Р. Неткалиева

Хатшы - Д. Ж. Юсубалиева

Күн тәртібінде қаралатын мәселе тақырыбы:

Атырау облыстық патологоанатомиялық бюросы директорының 10.10.2023 жылғы №62-ө «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес 20-30 қазан аралығында жүргізілген ішкі талдау қорытынды анықтамасында көрсетілген кемшілік бойынша жиналыс төрағасы, кәсіпорын директоры А. Р. Неткалиева баяндады:

Азаматша Халухаева Елизавета 10.10.23ж. Атырау облыстық онкологиялық диспансерінде қайтыс болған Сутягина Вераға басқа ритуалдық қызметті алмай, тек қана 2 күнге тоңазытқышта сақтауға қалдырған болатын. № 355 договор жасақталып, 10000 тг (он мың теңге) көлемінде Forte банк терминалы арқылы ақша алынды, бірақ мүрдені алатын кезде киімін әкеліп, кіші буын қызметкерлерінен киіндіріп беруін талап еткен. Кіші буын қызметкерлері бөлім меңгерушісіне, дәрігерлерге ештеңе айтпай, ескертпей киіндіріп беріп жіберген. Бөлім меңгерушісі А.Г.Нугманова аяқ асты байқап қалуына байланысты осы мәселе анықталып отыр. Сұрау барысында кіші буын медицина қызметкерлері Кабделова Ж. мен Сабит А. екеуі киіндір деп киімін беріп тұрғасын киіндіру ақысы төленген болар деп ойлағандығын айтты. Кіші буын қызметкерлерімен осы мәселе талқыланып, алдағы уақытта мұндай кемшіліктерді болдырмас үшін бөлім меңгерушісі мен ритуалдық қызметке жауапты маман немесе кезекші дәрігерлермен хабарласып, тек төленген ақылы қызмет көлемінде жұмыс жасау керектігін қатаң ескертемін.

Ритуалдық қызмет көрсетуге жауапты маман Д. Ж. Юсубалиева сөйлеп, қызмет көрсету алгоритмін талдап, қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, алдағы уақытта атқарылатын жұмысқа асқан жауапкершілікпен қарап, қателік жібермеуге кеңес берді.

Шешім етті:

Осындай кемшіліктер алдағы уақытта болмас үшін ритуалдық қызмет көрсету алгоритмімен кіші буын медицина қызметкерлерін үнемі оқыту шараларын алуды.



Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

А. Р. Неткалиева

Д. Ж. Юсубалиева

**«Атырау облыстық паталогонатомиялық бюросы» ШЖҚ КМК
ұжымының 30 қазан 2023 жылғы, жалпы жиналыс
Хаттамасы**

Төраға –А.Р.Неткалиева

Хатшы –Б.Қуанышқалиқызы

Қатысқан қызметкерлер саны –10, бөлім меңгерушілері мен әкімшілік қызметкерлері.

Спикер /баяндамашы / Мурсалимова

Күн тәртібі:Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Баяндамашы заңгер Мурсалимова Б.И.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы, сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Құқықтық оқу және түсіндіру барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлық фактілерінің неден пайда болатындығын, оған жол бермеудің қарапайым әдістері жөнінде кеңінен мағлұмат берілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалғыз адам емес, қоғам мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің бірігуімен қарсы тұруға болатынын, әрбір жеке тұлға жауапкершілікті сезініп, өз қызметінде осы індетпен барынша күрес жүргізбей, жеңіске жету мүмкін емес екенін баса айтылды.

. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қарастырылған қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктерді туралы айтты. Аталған Заңда мемлекеттік қызметшілерге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаған өзге де адамдарға, квазимемлекеттік сектор қызметкерлеріне сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне сыйға тартушының пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер аталған адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса сыйлықтарды сыйға тартуға жол берілмейтіндігі қарастырылғаны атап көрсетілді.

Хаттама жасалған



Б.Қуанышқалиқызы

**«Атырау облыстық патологоанатомиялық бюросы» ШЖҚ КМК
«2023 жылдың 20-30 қазан аралығында сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша
талқылау
Хаттамасы**

«30» қазан 2023 жыл

Төраға: А.Р. Неткалиева

Хатшы: Б. Мурсалимова

Қатысқан қызметкерлер саны: 25

сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобының төрағасы А.Г.Нугманова бөлімінің меңгерушісі

жұмыс тобының мүшелері:

Кәсіподақ комитетінің төрағасы Д.Ж.Юсубалиева

Кадр маманы А.Хасанова

Заңгер Б.И.Мурсалимова

Бас лаборант А.Д.Мурзағалиева

Кәсіпорын қызметкерлері 23 адам

Күн тәртібінде

«Атырау облыстық патологоанатомиялық бюросы» ШЖҚ КМК-ы ритуалдық қызмет көрсету жұмысы бойынша 2023 жылдың қаңтар- қазан айлары аралығындағы атқарылған жұмыс сапасына жүргізілген ішкі талдау қорытындысын талқылау.

Кәсіпорын заңгері Б.И.Мурсалимова ішкі талдау қорытындысы бойынша анықтаманы оқып:

2023 жылғы 10 мамыр мен 10-маусым аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобымен ауруханада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді.

Жүргізілген мониторинг

бойынша Атырау облыстық патологоанатомиялық бюросының ритуалдық /салттық/ қызмет көрсету бойынша қызметкерлердің жұмысында бұзушылық анықталған :

2023 жылдың 10 қазаны күні азаматша Е.Халухаева Атырау облыстық патологоанатомиялық бюросына қайтыс болған Сутягина Вераның мүрдесін 2 күнге тоңазытқышта сақтауға ақылы қызметке жүгінген. Бекітілген ақылы қызмет көрсету преїкурантына және №355 шарттың негїзінде форте банк терминалы арқылы 10 000/он мың/ тенге көлемінде төлем жасаған.

12 қазан күні В.Сутягинаның мүддесін беру кезінде , дәрігер А.Г.Нугманова мүрденің киіндіріліп қойғанын байқап қалып, және қызмет көрсеткен санитар қызметкерлер Ж.Кабделова мен

А.Сабиттің киіндіру қызметіне Е.Халухаева тапсырыс бермегендігі анықталды.

Яғни, санитар қызметкерлер Ж.Кабделова мен А.Сабит азаматша Е.Халухаевамен жасақталған шартта көрсетілмеген қызмет түрін жасаған, және өз әрекеттерін « ақысы төленген болар деп ойладық»- деп түсіндірген. Алдағы уақытта көрсетілген кемшіліктерді болдырмауды талап етті.

Төрағалық етуші кәсіпорын директоры А.Р. Неткалиева сөз жалғастырды:

Жоғарыда таныстырылған анықтама негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықты жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары жасақталып, алдағы уақытта қателіктерді болдырмау қажеттілігін қатаң ескертемін.

Жиналыс төрағасы

Хатшы



(Handwritten signatures)

А. Р. Неткалиева

Б. Мурсалимова

Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
жөніндегі
3-қосымша



«Бекітемін»
А. Р. Неткалиева

(талдау объектісі басшысының қолы)
30 қазан 2023 жыл

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
анықталған бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен
жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары**
(талдау объектісінің атауы)

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	Ритуалдық (салттық) қызмет көрсетуге міндетті қызметкерлерді қызмет көрсету алгоритмін оқыту	Қызметкерлерге қызмет көрсету алгоритмімен таныстырылым семинарын өткізу	30.10.2023 ж.	Д.Ж.Юсубалиева	31.10.2023 ж.



«ЖЕЛІСІЛДІ»
«Атырау облыстық патолого-анатомиялық бюросы» ШЖҚ КМК директоры:
Неткалиева А.Р.
30 қазан 2023 жыл

«Атырау облыстық патологоанатомиялық бюросы» ШЖҚ КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін жүргізілген ішкі талдаудың талдамалық анықтамасы.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, Атырау облыстық патологоанатомиялық директорының 10.10.2023 жылғы №62-ө «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес құрылған жұмысшы тобы:

1. А.Нугманова - бөлім меңгерушісі, комиссия төрайымы
 2. Мурсалимова Б.И. - заңгер, комиссия мүшесі,
 3. Д.Ж.Юсубалиева - кәсіподақ комитеті төрағасы, комиссия мүшесі
 4. А.Хасанова - кадр маманы, комиссия мүшесі,
 5. Мурзағалиева А.Д. - Бас лаборант, комиссия мүшесі,
- болып кәсіпорынның ритуалдық /салттық/ қызмет көрсету жұмысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізу кезеңіне 2023 жылдың қаңтар - қазан айлары аралығы кіреді.

Ішкі талдау уақыты 2023 жылдың 20-30 қазан аралығын қамтиды
«Атырау облыстық патологоанатомиялық бюросы» ШЖҚ КМК -да ритуалдық /салттық/ қызмет көрсету бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау Аталған бөлімше қызметінде қатысты нормативтік-құқықтық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу:

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Алайда, Атырау облыстық патологоанатомиялық бюросының ритуалдық /салттық/ қызмет көрсету бойынша қызметкерлердің жұмысында бұзушылық анықталған :

2023 жылдың 10 қазаны күні азаматша Е.Халухаева Атырау облыстық патологоанатомиялық бюросына қайтыс болған Сутягина Вераның мүрдесін 2 күнге тоназытқышта сақтауға ақылы қызметке жүгінген. Бекітілген ақылы қызмет көрсету прейкурантына және №355 шарттың негізінде форте банк терминалы арқылы 10 000/он мың/ тенге көлемінде төлем жасаған.

12 қазан күні В.Сутягинаның мүрдесін беру кезінде, дәрігер А.Г.Нугманова мүрденің киіндіріліп қойғанын байқап қалып, және қызмет

көрсеткен санитар қызметкерлер Ж.Кабделова мен А.Сабиттің киіндіру қызметіне Е.Халухаева тапсырыс бермегендігі анықталды.

Яғни, санитар қызметкерлер Ж.Кабделова мен А.Сабит азаматша Е.Халухаевамен жасақталған шартта көрсетілмеген қызмет түрін жасаған, және өз әрекеттерін « ақысы төленген болар деп ойладық»- деп түсіндірген.

Осы анықталған бұзушылық бойынша тексеріс жүргізіліп, қызметкерлермен осы мәселе талқыланып, алдағы уақытта қызмет көрсету ақылы қызметке жүгінуші азаматтармен жасақталған шарт шеңберінің жіті қадағалануы осы ритуалдық қызмет көрсетуге жауапты маман дәрігер-паталогоанатом Д.Ж.Юсубалиеваға тапсырылды.

Қызметкерлер Ж.Кабделова мен А.Сабитке жіберілген кемшіліктері алдағы уақытта қайталанбауы ескертілді.

Этикалық нормаларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау:

Талдау жүргізу кезеңінде Әдеп кодексі, ритуалдық (салттық) қызмет көрсетуге қатысты нормативтік - сыбайлас жемқорлық заңнамасы нормаларының сақталуын талдау қорытындылары бойынша Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросының ритуалдық/салттық/ қызмет көрсетуде қызметкерлердің этикалық нормаларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтаумен байланысты тәуекелдердің туындауының расталған жағдайлары анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

Талдау жүргізу кезеңінде Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросының ритуалдық қызмет көрсетуде, қызметкерлер тарапына атқарған жұмыстары бойынша арыз-шағым болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытта атқарылған жұмыстар;

Сыбайластық жемқорлықтың алдын алу және болдырмау, сыбайластық жемқорлық туралы заңнама талаптарын толықтай түсіндіру, медициналық қызметкердің кәсіби этикасын мүлтіксіз сақтау мақсатында жоспарлы іс-шаралармен қоса, Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы қызметкерлерімен жүйелі түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады. Кәсіпорын ғимараттарында азаматтардың арыздары мен өтініштеріне арналған жәшік орнатылып, сенім телефоны қызмет атқарады. Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы директоры Неткалиева А.Р. әр аптаның дүйсенбі күндері сағат 16-00 ден 19-00 аралығында жеке азаматтарды қабылдаулар жүргізеді.

Қорытынды:

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросының бөлімшесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынды.

А.Нугманова
Б.Мурсалимова
Д.Юсубалиева
А.Хасанова
А.Мурзагалиева

